






ҒЫЛЫМСЫЗ ДҮНИЕ ЖОҚ  
(АБАЙ)

# ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

мамыр-маусым  
№ 3

2017



• ҒЫЛЫМСЫЗ ДҮНИЕ ЖОҚ  
АБАЙ

• Республикалық ғылыми журнал

# ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

№3, мамыр – маусым, 2017 жыл

**БАҒЫТЫ:** *Ғылым салалары бойынша магистрлердің, ғылыми ізденушілердің, оқытушылардың, ғалымдардың ғылыми-танымдық мақалаларын жариялау*

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Куәлік №8988-Ж. 22 ақпан 2008 ж.

**Редактор:** Сәмен Оразғалиұлы Құлбарак,  
филология ғылымдарының докторы, профессор.

**Алқа мүшелері:**

**Абдула Жамбыл,**

техника ғылымдарының докторы, профессор

**Ордабеков Сағындық,**

медицина ғылымдарының докторы, профессор.

**Сарыбекова Жанат,**

педагогика ғылымдарының докторы.

**Байтелиев Алтай,**

филология ғылымдарының докторы, профессор.

**Тоқжигитов Қадір**

физика –математика ғылымдарының докторы, профессор.

**Алтеев Төлепбай**

химия ғылымдарының докторы, профессор.

ТАРАЗ-2017

## МАЗМҰНЫ

<b><u>БИОЛОГИЯ</u></b>	
<b>СЕЙТБАЕВ Қ.Ж.</b> Балықтардың биологиялық ерекшеліктері және өмір сүру кезендері.....	3
<b>ТӨЛЕУБАЕВА Ж.С., ЕРАЛИЕВ С.С.</b> Топырақтың механикалық құрамын дала немесе оргanelептикалық тәсілмен анықтау.....	5
<b><u>ҚҰҚЫҚТАНУ</u></b>	
<b>АМАНГЕЛЬДИЕВ А., СУЛЕЙМАНОВ Х.Ж.</b> Правовое регулирование деятельности дипломатических представительств (миссий).....	7
<b>АМАНБАЙ Е.К., СУЛЕЙМАНОВ Х.Ж.</b> Проблемы правового регулирования противодействия религиозному экстремизму в контексте глобальной безопасности: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Казахстан и Российской Федерации.....	12
<b>ТҰРЛЫБАЕВА Ұ.Т., КЕБЕЕВА Б.П.</b> Мемлекеттік қаржылық бақылаудың құқықтық негіздері және жетілдіру жолдары .....	17
<b>САЛМЕНБАЕВ Д., АБАЕВ М.Б.</b> Обеспечение иска как гарантия защиты нарушенных или оспариваемых прав лица, обратившегося в суд.....	19
<b>КУЛЫНТАЙ Д.Ш., СУЛЕЙМАНОВ Х.Ж.</b> Специфика и виды административных договоров в РК: их особенности.....	20
<b>КОНУРБАЕВА Г.Т., АБАЕВ М.Б.</b> Сот жүйесіндегі бұйрық арқылы іс жүргізудің маңызды шарттары.....	23
<b>КЕБЕЕВА Б.П., ТҰРЛЫБАЕВА Ұ.Т.</b> ҚР Еңбек заңнамасы бойынша басқа жұмысқа ауыстыруды құқықтық реттеу.....	25
<b><u>ТАРИХ</u></b>	
<b>РЫСКУЛБЕКОВ Г. Т.</b> Тарих толқынындағы саяси қуғын-сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық жағдайлар.....	28
<b>РЫСКУЛБЕКОВ Г. Т.</b> Педагогика ғылымын қалыптастырудағы саяси қуғын-сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының рөлі.....	32
<b><u>ФИЛОЛОГИЯ</u></b>	
<b>ТАЖИБАЕВА С.Ж., МУРТАЗАЕВА Б.А.</b> Қазақстандағы түрік диаспорасы: әлеуметтік-лингвистикалық жағдай («Interaction of Turkic languages and cultures in Kazakhstan») аясында алынған сауалнама негізінде).....	38
<b>ТАҢШОЛПАН Ә.</b> Поэзиядағы тілдік және шеберлік мәселесінде М. Әуезовтің ақын Ә. Тәжібаевқа ықпалы.....	44
<b><u>ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ</u></b>	
<b><u>ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ</u></b>	
<b>АЛИМКУЛОВА Г. А.</b> Ақ маржан тістер.....	49
<b>ШЫНЫБЕКОВ Б.Н.</b> Натюрморт. Графика.....	54
<b>БЕРДАЛИЕВА Л.</b> Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары.....	56
<b>АЛИМЖАНОВА Ж. Б.</b> Тұрлаусыз мүшелер. Толықтауыш.....	58
<b>МЕШІТБАЕВА Г. Е.</b> Сан есімнің мағыналық түрлері.....	61
<b>ОРМАНОВА Н.А.</b> Күшейпелі шырай.....	62
<b>ЕРЕЖЕПОВА Г. Б.</b> Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы.....	65
<b>СЕРИЕВА Л. А.</b> Food.....	67
<b>ИСАЕВА И. Ш.</b> Transport.....	69



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРІК ДИАСПОРАСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ  
ЖАҒДАЙ  
(«INTERACTION OF TURKIC LANGUAGES AND CULTURES IN KAZAKHSTAN»  
АЯСЫНДА АЛЫНҒАН САУАЛНАМА НЕГІЗІНДЕ)

ТАЖИБАЕВА С.Ж. -

ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
түрктану кафедрасының профессоры

МУРТАЗАЕВА Б.А. -

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ,  
филология және журналистика кафедрасының  
аға оқытушысы

**1. Халықаралық жоба: мақсаттары мен міндеттері.**

2014 жыл мен 2017 жылдың қыркүйек айы аралығында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, Й.Гете атындағы Франкфурт университеті және Берлин Еркін университеті бірлесіп «Interaction of Turkic Languages and Cultures in post-Soviet Kazakhstan» атты халықаралық жобаны орындап жатыр. Жобаның мақсаты – қазіргі кездегі Қазақстанның лингвистикалық картасында көрсетілген түркі тілдерін зерттеу мақсатында әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізу және веб-сайт жасау. Қазақстанда тұратын түркі этностары өкілдерінен сауалнама Қазақстанның барлық аймақтарында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар және студенттері қатыстырыла отырып алынды. Респонденттердің жауабы әрбір этнос бойынша жеке база ретінде жобаның аясында құрылған [www.turki.weebly.com](http://www.turki.weebly.com) [1] сайтына енгізіліп, сарапталды. Осы жерде әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу мәліметтері мен нәтижелері **on-line қорлар** арқылы қолжетімді екенін айта кету қажет және кез келген қызығушылық білдірген тұлғалар олармен танысады және мәліметтерді көріп, пайдалана алады.

**2. Қазақстандағы түркі этникалық тобы туралы жалпы мәлімет**


Қазақстанда тұратын түркі этностарының ішінде саны жағынан басымдыққа ие топтар ішінде түріктерді атауға болады [2].

Қазіргі кезде Қазақстанда тұрып жатқан түркі этникалық тобы – 1944 жылы Грузиядан депортацияланғандар. Өз туған жерлері Грузияға қайту мүмкіндігі болмаған түріктер КСРО секілді күшті державаның барлық аймақтарына шашыраңқы орналасты [3, 295].

Қазақстанда болжам бойынша 180-200 мың түрік тұрады. 2009 жылғы халық санағының ресми мәліметтері бойынша олардың саны 105 000 деп көрсетілген [2]. Оның басып себебі көптеген азаматтар Кеңес Одағы кезінде өзгертіліп жазылған өздерінің ұлтының атауын әлі күнге дейін қалпына келтіре алмай отыр [4, 401].

Осы жерде негізгі түркі этникалық тобынан ажырап, өз Отанынан алыстаған түріктердің тілі мен түркі мәдениеті дәстүрлерінен оқшаулану пайда болатынын айта кету керек. Қазақстандық түркі тілдері Түрік Республикасында кемал реформасы жүргенге дейінгі қалпын сақтап қалған. Оның үстіне қазіргі кезде қазақстандақ түріктердің мәдени ассимиляциялану процесі (қазақ және орыс тілді мәдениетке бірдей) жедел түрде жүріп отыр және тек қана аға буын өкілдері сақтап отырған түркі тілі мен мәдениеті зерттеушілер тарапынан жазып алуды қажет етіп отыр. Осы жобаға дейін түрік диаспорасы тіліне арнайы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізілген жоқ [3, 327-329].

Түрік этникалық тобының өкілдері қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік аймақтарында: Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тұрады. Ал, сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі Жамбыл облысында тұрады. Қараңыз: сурет 1.




Сурет 1. Қазақстанның аймақтарында тұратын респонденттер мәліметі

Зерттеу әңгімелесу (интервью), сауалнама алу және талдау әдісі бойынша жүргізілді. Сауалнамаларды on-line режимде жоба сайтында [www.tyurki.weebly.com](http://www.tyurki.weebly.com) да толтыруға болады.

Бұл мақалада біз Қазақстанда тұратын түрік диаспорасы өкілдерінен алынған әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелерінің талдамасына тоқталамыз.

### 3. Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелері


Сауалнамаға төлқұжаттарында түрік деп көрсетілген түрік этникалық тобының 206 өкілі қатысты (сурет 2), олардың ішінде ер адамдары - 143 адам (69,4%) және 63-і (30,6%) – әйел. Респонденттердің жанұяларының ішінде 40-ы (19,4%) 1944 жылы Қазақстанға жер аударылған, ал 49-ы (23,8%) Қазақстанда дүниеге келгендер. Қараңыз: сурет 2.



Сурет 2. Респонденттердің сауалнаманың А-3а бөлігі «Төлқұжат бойынша ұлты» бөлігіне берген жауаптары

Мәліметтерді талдау кезінде біз респонденттердің төлқұжаты мен өзіндік танымы бойынша ұлтын анықтау мәселесінде біраз қиыншылықтар мен алшақтықтармен бетпе-бет келдік. Осылайша, 206 сауалнама алынғандардың ішінде 195 респондент (94,7%) төлқұжаты бойынша түрік деп жазылса, 2 адамнан (1,9%) ұлты деген жерде түрік-хемшил және түрік-месхетин деп көрсетілген, 1 адамнан (0,5%) өзбек, орыс және қарайым деп жазылса; 4-еуінің (1,9%) – мәліметі жоқ. Мәліметтер талдамасы түрік этносы өкілдерінің түрік, месхетин, хемшил, өзбек, әзірбайжан деп жазылғанын көрсетті. Ал өзіндік таным мәселесінде респонденттердің ара салмағында

айтарлықтай алшақтық байқалды, сонымен, 251 респондент өздерін түрік деп таниды, ол жоғарыда көрсетілген мәліметтегіден 45 адамға артық (Сурет 3). Бұл жағдай түрік этносы өкілдерінің әр түрлі жағдайларға байланысты басқа ұлт болып жазылып кетуімен анықталған факті болып табылады, дегенмен олар өздерін түрік деп таниды. Қараңыз: сурет 3.



Сурет 3. Респонденттердің сауалнаманың А-36 бөлігі «Өзіндік таным бойынша ұлты» бөлігіне берген жауаптары

Түріктердің ұлдары өз ұлтының өкілдерінің қызына үйленуді қалайтын болса, қыздары да түрік жігіттерге тұрмысқа шығуды қалайды, дегенмен ішінара басқа ұлттармен некелер де кездесіп қалады. Осы бағыттағы сауалнама бөлігінің талдауы келесі жағдайды көрсетті:

174 респонденттің (94,7%) әкесі түрік; 23-ніңкі (11,2%) – түрік-месхетин; 2 (1%) – турками-хемшил және 1 адамнан (0,5%) – қазақ және әзірбайжан, 4-еуінің (1,9%) – мәліметі жоқ. Аналарының ұлты 9 ұлт өкілдерімен анықталды: 159 респонденттің анасы (77,2%) түрік, 2-еуініңкі (1%) түрік-хемшил, түрік-лаз, 11-нің анасы (5,3%) – қазақ; 9-ныңкі (4,4%) – әзірбайжан; 6-уыныңкі (2,9%) орыс; 4-нің (0,5%) – ұйғыр; 3 адамнан (3,2%) өзбек және қырғыз аналар; 2 респонденттен аналары (1%) – шешен, күрд кездессе, 2-нің (1%) – мәліметі жоқ.

Осылайша, сауалнамаға қатысқан респонденттердің ұлты өз әкелерінің ұлтымен, яғни түрік деп анықталған, ал аналарының ұлты түрлі түрік этникалық топ өкілдері (әзірбайжан, қазақ, өзбек, қырғыз), сонымен қатар басқа да ұлт өкілдері (орыс, күрд, шешен) деп көрсетілген.

Түрік аралас некелі жанұяларында басты орынды әке алады. Ал ұлтты анықтауда ұлтына қарамастан әкелік таным басым болып табылады, сондықтан да жанұядағы балалар әкесінің ұлтымен жазылады.

Этникааралық некелерде түрік жігіттері де түрік қыздары да басқа ұлт өкілдеріне үйленіп, тұрмысқа шыға алады. Дегенмен, олар өз ұлтының өкілдерімен некелесуге, сол арқылы өз тілдері мен ұлттық мәдениетін, дәстүрін сақтап қалуға тырысады.

Екінші ұрпақ, яғни ерлі-зайыптылардың бірі түрік емес жанұяларда мынандай жағдай байқалды:

Балалардың 49%-ы (101) түрік;

3 бала (1,5%) - қазақ,

1 бала (1%) – хемшил деп жазылса, 100 респонденттің (48,5%) – мәліметі жоқ.

Зерттеу талдамасы месхетин түріктері (ахысқа) және хемшил түріктері Қазақстанда 70 жылдан астам уақыт тұрып жатса да өздерін түрік деп таниды. Біздіңше оған бірнеше фактор әсер еткен:

- бірігу нәтижесінде этностың іріленуі және осыған байланысты, басқа жерде олардың өмірге бейімделуінің жоғарылауы;

- түріктердің бағзы заманнан ахысқа түріктері және хемшил түріктері тұрып жатқан Түрік Республикасын Грузияның орнына өздеріне тарихи этникалық Отаны деп тануы;

- этникалық мәдениетін, тілдерін және т.б. сақталуына ыңғайлы жағдай тудыру;

- жас ұрпақтың Түркияға көшуіне жағдай жасалуы.

Сауалнамада тілдік бөлікке үлкен орын берілген [3, 289-302; 321-334]. Тілдік байланыс және этникалық таным – этникалық сана-сезімді психологиялық жақтан зерттеудің негізгі мәселелерінің бірі. Себебі этникааралық процессте этникалық таным этника құрушы белгілердің жүйесі арқылы құрылады, бұл тұста ол тек тілдік белгімен ғана емес, сонымен қатар тарихи жады, дін, туған жер туралы таным, ұлттық мінез-құлық, халық шығармашылығы және басқа да құндылықтармен анықталады [5, 154-157]. Дегенмен, этникаға жатуды анықтайтын бірден-бір фактор өзінің эмоционалдық әлеуетін сақтайтын тіл болып қала береді.

Зерттеу нәтижесінде анықталған фактілер тілдің кез келген ұлттың сол ұлт өкілі ретіндегі басты белгісін көрсететін элемент болып табылатыны ақиқат шындық екенін тағы да дәлелдеп берді.

Сауалнаманың тілдік бөлігі (Е-3) келесі сұрақтардан тұрды:

- Сіздің ана тіліңіз;

- На каких еще языках Вы можете говорить, понимать, читать;

- Тілді меңгеру дәрежеңіз;

- Сіздің ана тіліңіз туған-туыстырыңызбен, қоғамда қаншалықты дәрежеде қолданылады;

- Сіз өз ана тіліңізде оқыдыңыз ба;

- Қай тілді (тілдерде) Сіз айтылған сөзді түсіне аласыз;

- Ұлттық танымды анықтау және тілдің орны;

- Мәдениет пен дәстүрді сақтауда тілдің орны;

- Ана тілі және БАҚ, олардың байланысы;

- Сіз ана тілінің мектептерде пән ретінде оқылғанын қалайсыз ба;

- Сіздің өміріңіздегі қазақ тілінің орны.

Түрік отбасылары өздерінің ішінде туған-туысқандарымен тек қана ана тілінде тілдеседі (ахысқа, хемшил, терекеме). Бірақ әрбір жаңа ұрпақтың дүниеге келуімен бірге ана тілін қолдану дәрежесі төмендеп келеді. Жанұядағы үш буын өкілдерінің болуы ана тілінің сақталуына жағдай жасайды. Дегенмен, қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы өзгерістер басқа тілдерді де білуді: қазақ (мемлекеттік), орыс (этникааралық тілдесу), ағылшын (халықаралық) ұсынып отыр.

Сауалнамаға қатысқан түрік этносы өкілдерінің барлығы ана тілін білген маңызды дегенмен, аға буын өкілдерінің азаюына байданысты ана тілін меңгеру әлсіреп және отбасындағы орны төмендеп бара жатқанын мойындайды. Сондықтан ана тілін тек аға буын өкілдері ғана жақсы біледі, орта буын жақсы ауызекі тілін меңгерген. Жас буын өкілдері көп тілді болып табылады, олар басқалармен тілдескенде түрік, орыс, қазақ, орыс-түрік, орыс-қазақ тілдерін бірдей қолданады. Зерттеу нәтижесі мыналарды көрсетті:

*Жанұяда мектеп жасындағы балаларымен сөйлесу тілінің талдауы келесіні көрсетті:*

95 (46,1%) – тек түрік тілінде;

19 (9,2%) – тек орыс тілінде;

20 (9,7%) – орыс тілінде және түрік тілінде;

6 (2,9%) – қазақ және түрік тілінде;

30 (14,6%) – қазақ, орыс және түрік тілінде;

6 (2,9%) – қазақ және орыс тілдерінде;

5 (2,4%) – тек қазақ тілінде, 1 адамнан (0,5%) – башқұрт және қырғыз тілінде; 23 респонденттің

(11,2%) – мәліметі жоқ.

*Жанұяда үлкендермен сөйлесу тілінің талдауы:*

128 (62,1%) – тек түрік тілінде;  
13 (6,3%) – тек орыс тілінде;  
17 (8,3%) – орыс және түрік тілінде;  
2 (1,1%) – орыс және өзбек тілінде;  
9 (4,4%) – қазақ және түрік тілінде;  
11 (5,9%) – қазақ, орыс және түрік тілінде;  
5 (2,4%) – қазақ және орыс тілінде;  
1 адамнан (0,5%) – тек қазақ, башқұрт және қырғыз тілінде;  
20-ның (1,6%) – мәліметі жоқ.

*Басқа ұлт өкілдерімен сөйлесу тілінің талдауы:*

41 (19,9%) – тек орыс тілінде;  
79 (38,3%) – қазақ және орыс тілінде;  
9 (4,4%) – орыс және түрік тілінде;  
20 (9,7%) – қазақ, орыс және түрік тілінде;  
13 (6,3%) – тек қазақ тілінде,  
5 (2,4%) – тек түрік тілінде; 39-ның (18,9%) – мәліметі жоқ.

Тілдік бөлімнің талдауы түріктер үшін басқа ұлт өкілдерімен сөйлесуде орыс тіліне басымдық берілетінін көрсетті.

Сонымен, талдау қорытындысы бойынша мынандай жағдай анықталды:

Қазақ, орыс және түрік тілдерінде 20 адам (9,7%) еркін сөйлейді.

Көпшілік транспортта, дәрігердің қабылдауында, нотариалдық контораларда орыс және қазақ тілін қолданады:

92 адам (44,7%) – қазақ және орыс тілін;  
71 адам (34,5%) – орыс тілін;  
8 адам (3,9%) – қазақ тілін;  
7 адам (3,4%) – түрік тілін;  
3 адам (1,3%) – орыс және түрік тілін;  
5 адам (2,4%) – қазақ, орыс және түрік тілін, ал 20 респонденттің (9,7%) – мәліметі жоқ.  
Дегенмен, 57 адам (27,7%) – түрік, қазақ және орыс тілдерінде еркін оқи алады  
18 адам (8,7%) – әзірбайжан, қазақ, орыс, түрік және өзбек тілдерінде еркін оқи алады;  
36 адам (17,5%) – түрік тілінде еркін оқи алады;  
23 адам (11,2%) – орыс және түрік тілінде еркін оқи алады;  
9 адам (4,4%) – орыс тілінде еркін оқи алады;  
2-е (1%) – қазақ, түрік және басқа тілдерде еркін оқи алады;  
5 адам (2,4%) – қазақ және түрік тілінде еркін оқи алады;  
4 адам (1,9%) – қазақ, орыс, түрік және өзбек тілдерінде еркін оқи алады;  
2-е (1%) – қазақ, орыс және түрік тілінде еркін оқи алады;  
5 (2,4%) – қазақ, орыс, түрік және басқа тілдерде еркін оқи алады;  
11 адам (5,3%) – әзірбайжан, қазақ, орыс және өзбек тілдерінде еркін оқи алады;  
3-е (2,4%) – ағылшын, қазақ, орыс және түрік тілінде еркін оқи алады;;  
3-е (2,4%) – ағылшын және түрік тілінде еркін оқи алады;  
1 (0,5%) – ағылшын, орыс және түрік тілінде еркін оқи алады;  
1 (0,5%) ағылшын, қазақ, түрік және басқа тілдерде еркін оқи алады; 10-ның (4,9%) – мәліметі жоқ.

51 адам (24,8%) – түрік, қазақ және орыс тілінде еркін жазады;

67 адам (32,5%) – түрік, қазақ және орыс тілінде еркін түсінеді;

41 адам (19,4%) – түрік, қазақ және орыс тілінде газет, журнал және хабарландыруларды еркін оқи алады;

60 адам (29,1%) үшін түрік, қазақ және орыс тілінде лекция, әңгіме, баяндама, телехабарлар мен радио тыңдау ыңғайлы;

65 (31,6%) респондентке түрік, қазақ және орыс тілінде концерт тыңдау, спектакль көру ыңғайлы;



94 адам (45,6%) – қазақ және орыс тілдеріндегі фильмдерді ана тілінде түсіндірудің қажеті жоқ деп, ал 17 респондент (8,3%) түсіндіруді қажет ететіндіктерін көрсетті.

Жеке таным бойынша түрік этносының өкілдері өздерінің топтарын этникалық және діни топпен байланысты анықтайды. 169 респондент (82%) исламды ұстанса, 3-еуі (1,5%) – агностицизмді ұстанатынын көрсетті, ал 34-нің (16,5%) – мәліметі жоқ.

Этникааралық саладағы негізгі проблемаларды түрік этникалық тобы өкілдері (24 респонденттің ішінде) былайша көрсетті:

- кейде қазақтармен – 1 адам (4,1%);
- күрдтермен – 2 адам (8,3%);
- армяндар, күрдтермен – 1 адам (4,1%).
- орыстармен – 1 адам (4,1%).
- жоқ, біздің село тату – 19 адам (79,1%);

Осылайша, қазақстандық түріктердің басым көпшілігі қазақтар мен Қазақстанда тұрып жатқан басқа да этникалық топтар арасында жүйелілік қасиетке ие шиеленіс жоқ деп есептейді. Қазақстанға жер аударылғандарына 70 жылдан астам уақыт өтсе де түріктер Қазақстанға ойдағыдай кірігіп кеткен, өздерін осы жерде қауіпсіз және жайлы сезінеді, орта және жас буын өкілдері Қазақстанды өз Отаны ретінде таниды.

Қазіргі кезде түріктердің әлеуметтік жағдайы өзгерді. Сауалнама нәтижесі бойынша түріктердің арасында мынандай кәсіп иелері кездеседі:

- мұғалімдер - 22 адам (16,5%);
- жұмысшылар - 38 адам (18,4%);
- қызмет көрсету саласындағылар - 22 адам (10,7%);
- мемлекеттік қызметкерлер - 6 адам (2,9%);
- сауалнамаға қатысқан 16 адам (7,8%) - жұмыссыз;
- 47 адам (22,8%) қызметтің басқа да түрлерімен айналысады, 8-нің (3,9%) – мәліметі жоқ.

Респонденттер арасында оқушылар да болды, олардың 34-і (16,5%) студент және 13-і (6,6%) – мектеп оқушылары.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен респонденттердің 55-і (65,5%) оларға аталары мен әжелері айтып берген ертегі, мифтерді («Сказка о Сердаре», «Сказка о желтом тюльпане», «Дельфирил ханым», «Дочь падишаха», «Сказка про птицу ворону», «Туткун Суюм бикенин ани», «Чура ботир», «Алпомиш», «Пархад-Ширин», «Лейли-Мажнун», «Ленивий Ахмед», «Сказка о Тали баба», «Юсуф и Зелиха», «Султан кызы и махараджа улы», «Тысяча и одна ночь», легенды о Ходже Насреддине и т.д.), «Коркут», «Келоглан» білетінін, ал 34,5% (19 адам) ауыз әдебиеті үлгілерін білмейтіндіктерін көрсетті.

Сауалнама соңындағы «Сіз өз жауаптарыңызға тағы неңі қосқыңыз келеді? Сіздің мектепте оқыту, мәдени-ағарту жұмыстары, ана тілінде кітап пен үнқағаз шығару туралы қосып-алатын ұсыныстарыңыз бар шығар» деген сұраққа 25 респонденттің 12-сі былай деп жауап берді: «Түрік тілінде балаларға арналған әдебиеттер шығарылса» – 2 адам (4%); «Балаларға ана тілін көп оқытса» – 4 адам (16%); «Қазақстанда тілдерді білу маңызды» – 1 адам (4%); «Тату-тәтті өмір сүру» – 1 адам (4%). Респонденттер зерттеушілерге түрік халқының тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне қызығушылық білдіргені үшін ризашылықтарын білдіреді – 4 адам (16%). Қалған 13 адам (52%) –комментарий берген жоқ.

Сонымен, зерттеу нәтижесінің талдамасы көрсетіп отырғандай, Қазақстанда тұрып жатқан түрік этникалық тобының өмірінде барлық саланы қамтыған өзгерістер болды. Соның ең бастысы ана тілін қолдануда байқалды. Себебі ана тілін таза күйінде тек аға буын өкілдері ғана пайдаланады, ал орта және жас буын өкілдері орыс-түрік және қазақ-түрік тілдерін қатар пайдаланушы билингвист болып табылады.

Осы мәселеде тағы да бір қызықты факті ретінде қазіргі кездегі түрік жастарының арасындағы Түркия Республикасында қолданылатын заманауи түрік тіліне деген қызығушылық пен оның кең түрде қолданылып отырғанын атап көрсету қажет. Себебі түрік этникалық тобының жас буын өкілдері ана тілінің (ахысқа, терекеме, хемшил) орнына заманауи түрік тілінің лексикасы мен грамматикалық формаларын пайдалануды жөн санайды. Оның себептерінің бірі ретінде заманауи түрік тілінің ақпараттық технологияларда пайдалану мүмкіншіліктерінің кеңеюі мен Интернет

қорларындағы қолжетімдігін атауға болады. Сонымен қатар қазақстандық түрік жастарының Түркия Республикасында қолданылатын заманауи түрік тілін меңгеруінің басқа жолдары ретінде спутниктік теледидарлар арқылы көпшілікке танымал түрік сериалдарының, телехабарларының көрсетілуін, сонымен қатар Түркия Респубикасына барып жұмыс істеудің қолжетімдігін атап көрсетуге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 [www.tyurki.weebli.com](http://www.tyurki.weebli.com)
- 2 Агентство Республики Казахстан по статистике. Архив: Национальный состав населения Республики Казахстан и его областей (том 1) Численность населения по областям, городам и районам, полу и отдельным возрастным группам, отдельным этносам на 1 января 2010 года
- 3 Nevskaya I., Tazhibayeva S. 2015 a. Sociolinguistic situation of Oguz Turks in post-Soviet Kazakhstan In: Oguzlar. Dilleri, Tarihleri ve Kulturleri - Ankara, 2015 – P.321-334. - ISSN 978-975-491-405-4.
- 4 Kirisci Kemal. Refugees of Turkish origin: «Coerced Immigrant» to Turkey since 1945. - «International Migration». - Geneva, 1996,- p.400-410.
- 5 Борисов Р.В. Диалог языка и этнической идентичности в поликультурном образовательном пространстве /[http://sun.tsu.ru/mminfo/000063105/299/image/299\\_154-157](http://sun.tsu.ru/mminfo/000063105/299/image/299_154-157)
- 6 Batura T.V., Murzin F.A., Sagnayeva S.K ., Tazhibayeva S., 2016. Using the link Grammar Parser in the Study of Turkic Languages. In: Eurasian Journal of Mathematical and Computer Applications.– 2016. – № 4 (2). – P. 14-22.

**ПОЭЗИЯДАҒЫ ТІЛДІК ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК МӘСЕЛЕСІНДЕ М. ӘУЕЗОВТІҢ АҚЫН  
Ә. ТӘЖІБАЕВҚА ЫҚПАЛЫ**

**ТАҢШОЛШАН ӘБДІҚАДЫР,**  
филология магистранты, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ

XX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Қызылордада әдебиетке енді бет алғанда, жас Әбділда сол кездері революцияшыл, лениншіл өлеңдерін дауылдай боратқан, әсіресе, Сәбит Мұқановтың ықпалында болды.

Уақыттың сұранысына сай «Жұмысшы» газетінің бетінде шыққан алғашқы өлеңдері «Жұмысшы гудогы», одан соңғысы «Жұмысшы балғасы» еді. Осы сарындас өлеңдер бұдан кейін де үсті-үстіне жазылып жатты.

«Менің оқуымның аздығы (барлығы қазақша жеті класс бітіргем) поэзия, өнер ғылымынан хабарсыздығым бұл шақта тіпті мін емес сияқты, поэзияның суреткерлігі, музыканың үнділігі, образдылығы, көркем мағыналылығы біздің арамызда сөз болып көрген емес. Мұндай нәзіктік әңгімелерін қозғағысы келгендерге құлақ асқанымыз жоқ. Қайта ондайларға күдікпен қарайтынбыз.

Біз ол кезде махаббат лирикасын, жаратылысқа, адамның жан күйіне арналған лирикаларды – оқушының сезімін улау, оның биік идеясын кірлеу деп түсіндік» деп жазды ақын кейін бұл жөнінде.

Осындай балаң, бірыңғай тапшыл көзқарасы үшін, әрине, Әбділда ақынды бүгін біз кінәламаймыз. Біріншіден, өскен ортасы, уақыт талабы солай болды. Екіншіден, өлең аудиториясы бөлек еді: туындылары сауатсыз жұмысшылар мен кедей-кепшіктерге бағытталды, оларға өлеңмен партияны, совет өкіметін түсіндірді. «Жауларды» әшкереледі, «жолбике» ақындармен күресті.

Белсенділіктің, кейде тым әсіребелсенділіктің бел ортасында жігерлі жас Әбділда да жүрді. 1931 жылдың жазынан 1933 жылдың күзіне дейін Қарсақбайда болып, «Қызыл кенші» деген газетті шығарып, қайнаған өмірдің тәжірибесінен өтеді. Әсіресе, әйгілі ғалым, биік парасат пен мәдениеттің иесі Қаныш Сәтбаевпен кездесіп, сырға толы талай әдемі күндерді бірге өткізуі жас ақынның жан дүниесіне айрықша әсер қалдырады. Бұл жөнінде кейін «Ағалар» деген поэмасының бірінші бөлімінде сағынышпен жырлайды.

Әйтсе де, мына шындықты мойындауымыз керек: табиғи дарыны мол, екпіні күшті, бірақ кеңестік тар шеңберден шыға алмаған, таза әдебиеттің не екенін, шынайы көркем шығарманың қандай болу керектігін әлі терең түсінбеген Әбділданың кеудесінде жаңа от маздатып, әлем